


«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені

# Тәрбие сағат

Тақырыбы: 1-ші Мамырдағы Президент күні

1 «А» сыныбының ұзартылған

күн тобы тәрбиешісі: Хакимова Ирода



Тақырыбы: 1 - ші желтоқсан Тұңғыш Президент күні.

Мақсаты:

- а) Жас ұрпаққа Елбасының сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту.
- ә) Елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын асқақтатып Елбасының кісілік келбетін меңгеру.
- б) Елін сүйген, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Бар әлемге шын танылдық міне, біз,  
 Елін сүйген Елбасы деп білеміз.  
 Тең аталып Қазақстан - Нұрсұлтан  
 Нұрсұлтан мен Қазақстан тұр егіз.

Күнге беттеп бара жатыр көш жүріп,  
 Елдің даңқы бар жаһанға естіліп.  
 Елбасыны құрметтейтін ерекше  
 Армысыздар, ақ пейілді көпшілік!

Тәрбиеші: 1 - желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арналған концерттік бағдарламаға қош келдіңіздер! Бүгін 1 - ші желтоқсан – Қазақстан Республикасында Тұңғыш Президент күні болып елімізде 3 ші жыл тойланып отыр.

Бір басында кемеңгерлік, даналық,  
 Елін сүйген елі үшін жаралып.  
 Сол кісідей болса - болсын әр алып  
 Адамдықтың аласармас үлгісі  
 Бір өзінен жатқаны шын таралып  
 Бүгін Тұңғыш Президенттің күніне  
 Әсем әнді шырқата бір салалық!

Ән: «Егемен Қазақстан» орындайтын 7 сынып оқушысы Еркінова Хамила

Тәрбиеші: «Дыбыстар сөйлейді» стратегиясы бойынша оқушылар 13 - дыбыстан тұратын «А ру қала – Астана» сөйлемді жаза отырып, Астана туралы мәлімет береді.

А – Астана - жастардың қаласы.

Р - республиканың орта тұсында орналасқан.

У - Уран, алтын, боксит, мыс, көмір, кварц құмдары т. б. пайдалы қазбалар бар.

Қ - Қысы өте аязды, суық болатын қала.

А - Алғашқы атауы – Ақмола.

Л - Лебі ескен Есіл бойында бой көтерген Ару қала.

А - Астанада «Отырар» кітапханасы орналасқан.

А - Алтыншы шілде Елордамыз - Астананың туған күні.

С - Символы - Бәйтерек.

Т - Техникалық алмастың бүкіл қоры Астанада бар.

А - Астанадағы Бәйтерек монументін Сәулетшілер одағының президенті Ақмырза

Рүстемов жобалаған.

Н - «Нұр - Астана» әзулім күмбезді мешіті бар.

А - Астана Бөливияда өткен «Өлемдік қалалар» халықаралық конкурстарда «Бейбітшілік қиласы» аталды.

Тәрбиеші: Қазақстан дейтін менің бар елім.

Жатыр алып жарты дүние әлемін!

Бұл даланы анам жаспен суарған,

Бұл далала атам қолға ту алған,

Бұл далала жылап келіп, уанған

Бұл даланы көріп алғаш қуанған

Бұл далала өскен жанда жоқ арман!- дей келе

Мектебіміздің 7сынып оқушылары дайындаған биге кезек берелік.

Тәрбиеші: Ауыр күнді артымызға тастауы -

Қиын сәтте қиындықтан қашпауы.

Тілім, дінім, ұлтым қайта көгерген,

Елбасымыз Нұрағанның бастауы

Билік тізгінін қолына ұстаған жылдардағы Президентіміздің жарқылдаған келбетін, биік болмысын, кемел дарынын, ел басшысы ретінде көсемдік қасиеттерін бүгінгі ұрпақ біздер жақсы білуіміз керек.

Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір жолына шолу жасау мақсатында

Викториналық сұрақтарға жауап берсек.

Викториналық сұрақтар:

1. Қ. Р - ның президентті кім? (Н. Ә. Назарбаев)

2. Н. Ә. Назарбаев қайда туған? (Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылы)

3. Н. Ә. Назарбаев қашан туған? (6 шілде, 1940 жылы туған)

4. Біздің елбасы қалай оқыды? (4 пен 5 - ке)

5. Н. Ә. Назарбаев қандай мамандық тандады? (Металлургия)

6. Н. Ә. Назарбаев - тың бойында қандай қабілет бар?(адал, ашық, ақжарқын, мақсатқа жете білетін адам)

7. Н. Ә. Назарбаев қашан президент болып сайланды?(1 желтоқсан 1991 жылы.)

8. Астананың бұрынғы аттары қандай? (Целиноград, Ақмола.)

9. Қандай мемлекеттік мерекелерді білесіңдер?(1 мамыр, 4 маусым, 30 тамыз, 1 желтоқсан алғашқы президент күні, 16 маусым.)

10. Неліктен 1 желтоқсан мереке күні болды?(өткені бұл күн президент сайлау күні болды.)

Тәрбиеші:

Туды ұстап тура жолға түсіріп,

Жас Отанның өмірін де түсініп,

«Елім, жерім» деп ұрандап тайсалмай,

Бір керемет жасады - ау кісілік!

Ән: Тағыбергенова Айжан «Тәуелсіздік!»

Ойын:

Сан ұлттын басын қосып Қазақстан  
Бекемдеп саясатын іш пен тыстан  
Елбасы, алдын ала болжай біліп,  
Сүрінбей аман өттік дағдарыстан  
Жыл сайын табыс қоссын табысына  
Әр қазақ берік болсын намысына  
Нұрсұлтан Назарбаев бастай берсін,  
Нұрлы жол, Нұрлы заман бағытына! - дей отырып, 9 сынып оқушыларының биін  
тамашалайық.

Тәрбиеші: «Осындай тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгімізді ертеңіне  
жалғайтын, қазақ елінің болашағы үшін жауап беретін ұрпақ екенімізді  
сезінеміз» Туымыздың тұғыры берік, еліміздің енесі биік болсын! Тәуелсіз еліміздің  
іргесі мықты болсын!

**БІРГЕ:** Қош сау болыңыздар!

